

*Ұлттық экономикадағы
қаржы және ақша-
несие жүйесі*

Мақсаты

- Біздің күнделікті өмірімізде экономика, қаржы, несие және ақша деген сөздерді жиі естейміз немесе пайдаланып жатамыз. Сондықтан, бұл тақырыптың мақсаты қаржы мәнін, салық дегеніміз не екенін, ақша-несие жүйесін түсіндіру.

Жоспар

- Қаржы және қаржы жүйесінің мәні.
- Салық және оның мәні. Салықтың түрлері.
- Ақша жүйесі және оның ұлттық экономикадағы рөлі.
- Қазіргі банк жүйесі және оның құрылымы.

Қаржы және қаржы жүйесінің мәні.

- *Қаржы* дегеніміз қоғамның ақшалай қаржы қорларын құру мен пайдалану жөніндегі экономикалық қатынастар жиынтығы.
- *Қаражат жүйесі* дегеніміз ақша қорының пайда болуындағы және пайдаланудағы, сонымен қатар оны ұйымдастыру органдарымен (ұйымдарының) арасындағы қатынастарды қамтитын жиынтық қатынас. Қаражаттың функционалдық ішкі жүйесіне **салық, бюджет, қаражат жоспары (болжау), сметалық қаражаттандыру, қаражат көрсеткіштері** және т.б. жатады. Қаржы жүйесінің негізгі буыны мемлекеттік бюджет болып табылады.

Бөлу – қаржы арқылы материалдық және материалдық емес салалардың арасында бөледі және қайта бөледі.

Шоғырландыру – мемлекеттің экономикалық қызметін жүргізу үшін, оның материалдық негізін жасау.

**Қаржының
атқаратын
қызметтері**

Бақылау – ақша, қаржының пайда болуын, бөлінуін және нормаларға сәйкес реттей отырып оның қозғалысын бақылайды.

Реттеуші – қоғамдық өндірісте микро және макроэкономикалық прапорцияны реттеудің негізгі құралы.

Қаражат жүйесін қаражат қатынасына қатысушыларға (субъектілерге) байланысты мынадай үш ішкі жүйеге бөледі:

- **Мемлекет қаржысы** – ақша қаражатынан тұрады. Ол қаражат тұрғындардың әлеуметтік кепілдігін қамтамасыз етуде, заңдылық пен құқықты сақтауға, қорғаныс пен шаруашылықты басқаруға жұмсалады. Мемлекеттік қаржы құрамына: **мемлекеттік бюджет, валюталық қор, банктік және мемлекеттік несие, ведомстваның қорлары** және т.б. енеді.
- **Кәсіпорынның қаржысын** меншіктегі және заемдағы қаржылар, ғылым мен техника қорының ақшалай қаражаты, әлеуметтік-мәдени даму мен материалдық ынталандыру қоры, амортизациялық қор, резервті және сақтандыру қоры енеді.
- **Халықтың (үй шаруашылығының) қаржысы** – шаруашылық, еңбек қызметтерінің негізінде, коммерциялық және халықтық банктегі сақталған қаржылардың, зейнеткерлік қорды мемлекеттің іске қосуының нәтижесінде ақшалай қаражатты құрады.

Мемлекеттік бюджет

- **Мемлекеттік бюджет** дегеніміз мемлекеттің негізгі қаржылық жоспары. Ол мемлекеттің шығындары мен табыстарының балансы. Мемлекеттік бюджет екі деңгейден тұрады, ол **республикалық** және **жергілікті** (облыстық, аудандық, селолық).

Мемлекеттік бюджеттен төленетін төлемдер:

1. **Қаржы бөлу** – мекемелер мен кәсіпорындарды қаржыландыруға берілетін ақшалай қаржы.
2. **Субсидиялар** – мемлекеттік ақшалай көмек түрі.
3. **Субвенциялар** – дамудың нақты мақсаттарына арналған мемлекеттік ақшалай көмек.
4. **Дотациялар** – шығындарды жабуға арнайы арналған ақшалай қаржы.

Жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттің жүргізіп отырған заңының негізінде міндетті түрде төленетін төлемдер

Экономикалық категория ретінде мемлекеттің табысы;
материалдық категория ретінде белгілі бір ақша сомасы;
заңгерлік категория ретінде Заң.



САЛЫҚ

Салық жүйесі мемлекеттің заңды актілеріне сәйкес негізделіп, нақты құрылым әдістерін және салық салуды орнықтырады.

Өндіріп алу тәсілі бойынша тікелей және жанама болып, ал бюджет деңгейіне қарай жалпы мемлекеттік және жергілікті болып бөлінеді.

Салық элементтері

- *Салық субъектісі* – заңға байланысты міндетті салық төлейтін жеке немесе заңды тұлға.
- *Салық жүктелушісі* – салық төлейтін тұлға.
- *Салық объектісі* – салық салынатын табыстар мен мүліктер (жалақы, пайда т.б.).
- *Салық мөлшері* – салық объектісінің бірлік өлшеміне салық салу мөлшері.
- *Салық жеңілдіктері* – салық мөлшерін азайту немесе одан толық босату.

Ақша және несие

- **Ақша** – затта емес, байлықта емес, өндірістік қатынас. Бұның мазмұны мен мәнін ақшаның атқаратын қызметтерін яғни қоғамдық міндеттерінен анық байқауға болады.
- Ақшаның ***айналыс құралы*** қызметі – сатудан және сатып алудан құралады.
- **Несие** (лат. сөзі – *creditum* – қарыз) – жеке немесе заңды тұлғаға белгілі бір уақытта қайтаруға және пайдаланғаны үшін белгілі бір мөлшерде пайыз төлеу жағдайында қарызға берілген мүлік немесе ақша. Несие қарыз капиталының қозғалысы, несие беру мүмкіндігі ақысын төлеу, қайтарып беру және мерзімдік принциптеріне құрылған.

Кейнсиан түсініктемесі бойынша несие саясаты құлдырау кезінде – арзан ақшаға, ал экономикалық конъюнктура көтерілген кезеңде қымбат ақшаға бағытталуы керек.

● **Арзан ақша саясаты** – жұмыссыздық, экономикалық құлдырау кезінде жүргізіледі, оның әдістері:

1. Ашық нарықта мемлекеттің бағалы қағаздарын сатып алу;
2. Міндетті резервтер нормасының азаюы;
3. Пайыздық есеп мөлшерлемесінің төмендеуі.

● **Қымбат ақша саясаты** – жоғары инфляция кезінде жүргізіледі, оның әдістері:

1. Мемлекеттің бағалы қағаздарын сату;
2. Міндетті резервтер нормасының көбеюі;
3. Пайыздық есеп мөлшерлемесінің жоғарылауы.

Несиенің
негізгі түрлері

Банк несиесі

Тұтынушы
несиесі


Мемлекеттік
несие

Лизингтік
несие

Коммерциялы
қ несиесі

Халықаралық
несие

Ипотечалық
несие



● Несие принциптері:

1. Қайтарымдылығы.
2. Жедел мерзімді.
3. Материалдық қамтамасыз ету.
4. Ақылылы.
5. Мақсатты.

● Несие нысандары:

1. Несие беру уақытына байланысты.
2. Қамтамасыз ету түріне байланысты.
3. Несие алушылардың түріне байланысты.
4. Пайдалану бағытына байланысты.

Банк

- ақша-қаражатын жұмылдыру және оны несие түрінде орналастыру, банк заңдарына сәйкес басқада операцияларды жүзеге асыру үшін жаратылған ұйым.
- «Банк» деген ұғымы италиян сөзі «bank» — орындық, «айырбас орындығы — айырбас орны» дегенді білдіреді.
- Ұлттық экономикадағы барлық банктердің жиынтығы елдің банк жүйесін құрайды.

Банктің атқаратын қызметерін негізінен төмендегідей топтастыруға болады:

- Уақытша бос ақша қаражаттарын тарту, жинақтау және оны қарыз капиталына айналдыру;
- Кәсіпорынға, мемлекетке, жеке адамдарға несие беру, бағалы қағаздармен операция жүргізу;
- Ақша айналымын реттеу.
- Экономикалық және қаржылық кеңес беру.

Коммерциялық банктердің негізгі атқаратын қызметтері:

- Ақша қаражаттарын шоғырландыру және тарту;
- Несие беру;
- Шаруашылықтармен есеп және төлем жұмыстарын жүргізу;
- Төлем құралдарын шығару,
- Бағалы қағаздарды шығаруды және орналастыруды ұйымдастыру;
- Сенімхат бойынша клиенттердің мүлкін басқару;
- Клиенттерге кеңес беру.

Қазіргі кезеңде нарық экономикасы дамыған елдердің басым көпшілігінде екі деңгейлі, үш сатылы банк жүйесі құралған.

Бірінші деңгейдегі банк жүйесіне
Орталық және Ұлттық банк



Екінші деңгейдегі банк жүйесіне
коммерциялық банк



Үшінші сатыдағы банк жүйесіне –
банк емес қаражат-несие
институттары жатады.

- Несие жүйесінің негізгі буыны — *банктер*.
- Банктер мемлекет пен кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серістіктердің, мектеп пен ауруханалардың және халықтың уақытша бос ақшаларын шоғырландырып, оларды іс-жүзіндегі капиталға айналдырады.
- Мемлекеттің несие жүйесінде коммерциялық банктердің алатын орны өте зор. Олардың міндеті ақша айналымы мен капитал айналымының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету, өнеркәсіп мекемелерін, мемлекет пен халықты несиелеу, халық шаруашылығына қор жинау үшін жағдай жасау болып табылады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ!!!